

## **Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы**

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 маусымдағы N 127 Заңы.

### **МАЗМҰНЫ**

Ескерту. Мәтінде "тарау" деген сөздің алдындағы "I - VI" деген цифрлар тиісінше "1 - 6" деген цифрлармен ауыстырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), тақырыбына өзгерту енгізілді, бүкіл мәтін бойынша "әскери комиссариаттардың", "әскери комиссариаттарға", "әскери комиссариаттың", "әскери комиссардың" деген сөздер тиісінше "жергілікті әскери басқару органдарының", "жергілікті әскери басқару органдарына", "жергілікті әскери басқару органдарының", "жергілікті әскери басқару органы басшысының" деген сөздермен, "жұмылдыру кезеңі мен соғыс уақытында", "жұмылдыру кезеңі мен соғыс уақытына", "жұмылдыру кезеңінде және соғыс уақытында" деген сөздер тиісінше "жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңі мен соғыс уақытында", "жұмылдыру, соғыс жағдайы бойынша және соғыс уақытында" деген сөздермен ауыстырылды - 2006.07.07. № 183 Зандарымен.

Осы Заң Қазақстан Республикасындағы жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді.

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР 2010.07.15 № 334-IV Заңымен.

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

#### **1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар**

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) әкімшілік-аумақтық бірліктің жұмылдыру жоспары – жұмылдыру тапсырмасын орындау үшін облыс, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдіктерінің іс-шараларды жүзеге асыру мазмұнын, көлемін, тәртібі мен мерзімдерін айқындайтын құжаттар жиынтығы;

2) әскери міндеттілерді бекітіп қою – жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында мемлекеттік органдар мен ұйымдардың іркіліссіз жұмысын қамтамасыз ету үшін оларға еңбек ресурстарын бекіту;

3) әскери-экономикалық оқулар – жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында мемлекеттің жұмыс істеуіне мемлекеттік органдарды, ұйымдарды, әкімшілік-аумақтық бірліктерді, халықты және Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды, арнаулы мемлекеттік органдарды дайындау нысаны;

4) жұмылдыру – Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын, ұйымдарын, Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын, халқын, аумағы мен экономикасын (жалпы жұмылдыру) немесе олардың қайсы бір бөлігін (ішінара жұмылдыру) соғыс жағдайы режиміне көшіруге байланысты жалпы мемлекеттік іс-шаралар кешені;

5) жұмылдыру әзірлігін бағалау – Қазақстан Республикасының жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы заңнамасында белгіленген жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру нормативтеріне және талаптарына мемлекеттік органдар мен ұйымдардың дайындық деңгейінің сәйкестік дәрежесін айқындау;

6) жұмылдыру дайындығы – бейбіт уақытта жүргізілетін және соғыс уақытында мемлекетті орнықты басқаруға, ел экономикасын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының, арнаулы мемлекеттік органдарының және халқының қажеттіліктерін қамтамасыз етуге ұйымдасқан түрде көшіруге, елді қарулы қорғауға және оның қорғанысына, жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңі мен соғыс уақытында әкімшілік-аумақтық бірліктердің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар кешені;

7) жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті орган – жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

8) жұмылдыру қуаттары – жұмылдыру тапсырыстарын орындауға арналған өндірістік алаңдар, технологиялық жабдық, инженерлік-техникалық және өзге де құжаттама;

9) жұмылдыру резерві – мемлекеттік материалдық резервтің құрамдас бөлігі болып табылатын, жұмылдыру, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында жұмылдыру тапсырысын орындауға, табиғи, техногендік және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар мен олардың салдарының алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды қолдануға, бейбіт уақытта гуманитарлық көмек көрсетуге қажетті шектеулі номенклатура бойынша материалдық құндылықтар запасы, сондай-ақ арнаулы құралымдардың материалдық-техникалық құралдары;

10) жұмылдыру тапсырмасы – мемлекеттік органдарға жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында мемлекеттің орнықты жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді шешуге бағытталған іс-шараларды орындауға берілетін тапсырма;

11) жұмылдыру тапсырысы – ұйымдарға жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында белгілі бір номенклатурада тауарлар өндіруге, жұмыстар орындауға және қызметтер көрсетуге, олардың мөлшері мен сапасына, арнаулы құралымдар құруға берілетін мемлекеттік тапсырыс;

12) командалық-штабтық оқулар – Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, арнаулы мемлекеттік органдардың, әкімшілік-аумақтық бірліктердің

басшы құрамының оларды жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында басқару жөніндегі келісілген қызметке бірлесіп дайындалу нысаны;

13) Қазақстан Республикасының жұмылдыру жоспары – Қазақстан Республикасы қорғаныс жоспарының Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды, арнаулы мемлекеттік органдарды жұмылдыра өрістету жөніндегі шараларды іске асыруға, Қазақстан Республикасының экономикасын, мемлекеттік органдарын, ұйымдарын, әкімшілік-аумақтық бірліктері мен халқын жұмылдыру тапсырмаларын немесе жұмылдыру тапсырыстарын, сондай-ақ жұмылдыру дайындығы жөніндегі өзге де іс-шараларды орындау арқылы жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңіндегі және соғыс уақытындағы қызмет режиміне көшіруге бағытталған құрамдас бөлігі;

14) мемлекеттік органның жұмылдыру жоспары – жұмылдыру тапсырмасын орындау үшін мемлекеттік органның іс-шараларды жүзеге асыру мазмұнын, көлемін, тәртібі мен мерзімдерін айқындайтын құжаттар жиынтығы;

15) тауарларды өндірудің, жұмыстарды орындау мен қызметтерді көрсетудің тиісті кезеңге арналған жоспары – жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының, арнаулы мемлекеттік органдарының, халқының қажеттіліктерін қамтамасыз ету және әкімшілік-аумақтық бірліктерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін ұйымдарға жұмылдыру тапсырыстарын белгілейтін жоспар;

16) уақытша қайта тиеу ауданы – әскерлер мен әскери жүктерді көліктің бір түрінен екіншісіне қайта тиеу жүзеге асырылатын жергілікті жер учаскесі;

17) ұйымның жұмылдыру жоспары – жұмылдыру тапсырыстарын орындау үшін ұйымның іс-шараларды жүзеге асыру мазмұнын, көлемін, тәртібі мен мерзімдерін айқындайтын құжаттар жиынтығы.

**Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 28.10.2015 № 367-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 18.03.2019 № 237-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.05.2020 № 332-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**2-бап. Қазақстан Республикасының жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы заңнамасы**

**Ескерту. 2-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 25.05.2020 № 332-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

**Ескерту. 2-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.07.15 N 334-IV; 25.05.2020 № 332-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **3-бап. Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдырудың негізгі принциптері**

Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдырудың негізгі принциптері мыналар болып табылады:

- 1) жұмылдыру дайындығын өткізудің міндеттілігі;
- 2) жоспарланатын шараларды ұйымдастыру мен өткізуге орталықтандырылған басшылық ету;
- 3) белгіленетін шаралардың алдын ала жүргізілуі, жоспарлылығы және қамтамасыз етілуі;
- 4) салалық және аумақтық шаралардың кешенділігі және өзара үйлестірілгендігі;
- 5) шараларды ұйымдастыру мен өткізуді ұдайы бақылап отыру.

**Ескерту. 3-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 183 Заңымен.**

### **4-бап. Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру жөніндегі шаралардың мазмұны**

Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру жөніндегі шараларға мыналар кіреді:

- 1) жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу мен қабылдау;
- 2) жұмылдыру, соғыс жағдайы бойынша және соғыс уақытында Қазақстан Республикасының аумағын, экономикасын дайындау және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың жұмыс жағдайларын белгілеу;
- 3) Қазақстан Республикасының халқын, Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын, арнаулы мемлекеттік органдарын жұмылдыруға, соғыс жағдайына және соғыс уақытына дайындау;
- 4) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын, арнаулы мемлекеттік органдарын жасақтау үшін азаматтарды әскери-есеп мамандықтары бойынша жұмылдыруға дайындау;
- 5) әскери міндеттілерді бекітіп қою;
- 6) Қазақстан Республикасының, мемлекеттік органдардың, әкімшілік-аумақтық бірліктердің, ұйымдардың жұмылдыру жоспарларын әзірлеу;
- 7) қару-жарақ пен әскери техниканың бұйымдарына, аса маңызды азаматтық өнімдерге арналған техникалық құжаттаманың, сондай-ақ қатерлілігі жоғары объектілерге, халықтың тіршілігін қамтамасыз ету жүйелері мен ұлттық игілік болып табылатын объектілерге арналған жобалық құжаттаманың сақтандыру қорын жасау және сақтау;

8) жұмылдыру жарияланған кезде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына, арнаулы мемлекеттік органдарына, сондай-ақ жұмылдыру тапсырыстарын орындайтын ұйымдарға беруге арналған арнаулы құралымдар мен техникаларды дайындау;

9) әскери-экономикалық және командалық-штабтық оқулар өткізу;

10) жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтар запастарын жасау, жинақтау, сақтау және жанарту;

11) Қазақстан Республикасының жұмылдыру дайындығын бағалау;

12) жұмылдыру органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру;

13) жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыруды ғылыми және әдістемелік жағынан қамтамасыз ету;

14) мемлекеттік органдар мен ұйымдарды соғыс жағдайына және соғыс уақытына көшіру;

15) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының, арнаулы мемлекеттік органдарының жұмылдырылуын өрістетуді жүргізу;

16) күш пен құралдарды Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына, арнаулы мемлекеттік органдарына беруді қоса алғанда, экономиканы, ұйымдарды соғыс жағдайына көшіру;

17) жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру міндеттерін шешу мүдделерінде халықаралық ынтымақтастық жасау;

18) жұмылдыру органдарын құру және ұстау;

19) жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру жөніндегі іс-шараларды жоспарлау;

20) аумақтық қорғанысты ұйымдастыру;

21) Азаматтық қорғаныс іс-шараларын жүргізу;

22) жұмылдыру іс-шараларын қаржылық қамтамасыз ету.

**Ескерту. 4-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.07.07 N 183, 2010.07.15 N 334-IV, 2012.02.13 N 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2015 № 367-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.05.2020 № 332-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

**2 тарау. Қазақстан Республикасының Президенті мен мемлекеттік органдардың жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы өкілеттігі**

**5-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігі**

Қазақстан Республикасының Президенті:

1) жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру мәселелері бойынша жарлықтар, өкімдер шығарады;

1-1) Қазақстан Республикасындағы жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын айқындайды;

2) жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы ынтымақтастық туралы келіссөздер жүргізеді және халықаралық шарттарға (келісімдерге) қол қояды;

3) Қазақстан Республикасына қарсы агрессия жасалған не оның қауіпсіздігіне сырттан тікелей қауіп төнген ретте республиканың бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде соғыс жағдайын енгізеді, ішінара немесе жалпы жұмылдыру жариялайды және бұл туралы дереу республика Парламентіне хабарлайды;

4) жұмылдыру, соғыс жағдайы бойынша және соғыс уақытында мемлекеттік органдардың, ұйымдардың жұмыс режимін белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді күшіне енгізеді, сондай-ақ олардың қолданылуын тоқтатады;

**4-1) алып тасталды – ҚР 25.05.2020 № 332-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);**

4-2) Қазақстан Республикасындағы жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру ережелерін бекітеді;

4-3) жұмылдыру тапсырмалары мен жұмылдыру тапсырыстары бар мемлекеттік органдардың, ұйымдардың жұмылдыру әзірлігін бағалау қағидаларын бекітеді;

4-4) жұмылдыру туралы жариялау тәртібін бекітеді;

5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің республиканың жұмылдыру дайындығы туралы жыл сайынғы баяндамасын қарайды;

б) соғыс уақытында мемлекеттің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

7) Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**Ескерту. 5-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.07.07 N 183, 2010.07.15 N 334-IV; 25.05.2020 № 332-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

## **6-бап. Қазақстан Республикасы Парламентінің өкілеттігі**

Қазақстан Республикасының Парламенті:

1) жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру мәселелері бойынша заңдар мен қаулылар қабылдайды;

2) жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыруды қаржыландыру бөлігінде республикалық бюджетті бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) Қазақстан Республикасының жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы ынтымақтастық туралы халықаралық шарттарын (келісімдерін) бекітеді және олардың күшін жояды;

4) соғыс және бітім мәселелері жөнінде шешім қабылдайды.

## **7-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті**

**Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) мемлекеттік органдардың жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы қызметін ұйымдастыру жөніндегі басшылықты жүзеге асырады;

2) алып тасталды – ҚР 25.05.2020 № 332-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

3) Қазақстан Республикасының жұмылдыру жоспарын әзірлеу мен орындауды ұйымдастырады;

4) ұйымдардың Қазақстан Республикасының жұмылдыру жоспарында көзделген жұмылдыру тапсырыстарын орындау тәртібін белгілейді;

5) алып тасталды;

6) алып тасталды;

7) Қазақстан Республикасының жұмылдыру дайындығы саласындағы, сондай-ақ жұмылдыруды, соғыс жағдайын жариялауға байланысты және соғыс уақытында қабылдануға тиісті заңнамалық актілері мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын әзірлеуді ұйымдастырады;

7-1) ұйымдар банкрот болған, таратылған, қайта ұйымдастырылған, жұмыс бейінін өзгерткен жағдайда жұмылдыру тапсырыстарын алып тастау, басқаға беру туралы тәртіпті айқындайды және шешім қабылдайды;

7-2) соғыс уақытында Қазақстан Республикасының халқын жабдықтау нормаларын бекітеді;

7-3) соғыс уақытында тамақтандыруды және сауда-саттықты ұйымдастыру тәртібін бекітеді;

8) Қазақстан Республикасының жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы ынтымақтастық туралы халықаралық шарттарындағы (келісімдеріндегі) міндеттемелерді орындау шараларын әзірлеп, олардың орындалуын ұйымдастырады;

9) жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру мәселелері бойынша үкіметаралық келіссөздер жүргізеді;

10) алып тасталды

11) алып тасталды

12) Қазақстан Республикасының Президентіне Қазақстан Республикасының жұмылдыру әзірлігі туралы жыл сайын баяндап отырады;

12-1) алып тасталды – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

13) жұмылдыру жарияланған кезде Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды, арнаулы мемлекеттік органдарды жұмылдыра өрістету жөніндегі іс-шаралардың және Қазақстан Республикасының экономикасын соғыс жағдайы режиміне көшіру туралы шешімдердің орындалуына және жүргізілуіне бақылау жасауды ұйымдастырады;

14) облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына аумақтық қорғанысты қамтамасыз ету, аумақтарды жедел жабдықтау және Азаматтық қорғаныс жөніндегі іс-шараларды жүргізу жөнінде тапсырмалар белгілейді;

15) Әскери міндеттілерді бекітіп қою жөніндегі республикалық комиссияны құрады және әскери міндеттілерді бекітіп қою қағидасын бекітеді;

16) әскери-экономикалық және командалық-штабтық оқулар өткізуді ұйымдастырады;

17) алып тасталды – ҚР 25.05.2020 № 332-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

18) қару-жарақ пен әскери техника бұйымдарына, аса маңызды азаматтық өнімдерге арналған техникалық құжаттаманың, сондай-ақ қатерлілігі жоғары объектілерге, халықтың тіршілігін қамтамасыз ету жүйелері мен ұлттық игілік болып табылатын объектілерге арналған жобалық құжаттаманың сақтандыру қорын жасау, сақтау мен пайдалану тәртібін айқындайды;

19) алып тасталды;

20) уақытша қайта тиеу аудандарын ұйымдастыру қағидасын және олардың орналасу схемасын бекітеді;

21) тауарларды өндірудің, жұмыстарды орындау мен қызметтерді көрсетудің Қазақстан Республикасының жұмылдыру жоспарында көзделген тиісті кезеңге арналған жоспарын бекітеді;

21-1) жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын пайдалану қағидаларын бекітеді;

21-2) Қазақстан Республикасында жұмылдыру дайындығына басшылықты жүзеге асырады;

22) жеке және заңды тұлғалардың реквизицияланған, сондай-ақ қорғаныс мұқтажы үшін берілген мүлкінің құнын мемлекеттің өтеу тәртібін белгілейді;

23) алып тасталды – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

24) алып тасталды – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

25) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясында, заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

Ескерту. 7-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді), 2006.07.07 N 183, 2010.07.15 N 334-IV, 2011.03.01 N 414-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 қолданысқа енгізіледі), 2012.02.13 N 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2015 № 367-V (алғашқы



ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2018 № 210-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.03.2019 № 237-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.05.2020 № 332-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **7-1-бап. Жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органның құзыреті**

Жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті орган:

1) мемлекеттік органдардың қатысуымен Қазақстан Республикасының жұмылдыру жоспарын және тауарларды өндірудің, жұмыстарды орындау мен қызметтерді көрсетудің тиісті кезеңге арналған жоспарын әзірлейді, мемлекеттік органдардың, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдіктерінің жұмылдыру жоспарларын келіседі;

2) мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтау номенклатурасы мен көлемі жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыруға қатысады;

3) жұмылдыру дайындығы саласындағы мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіреді;

3-1) жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

4) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 N 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

5) жұмылдыру тапсырыстары бар ұйымдар банкрот болған, қайта ұйымдастырылған, таратылған, олардың жұмыс бейіні өзгертілген кезде мемлекеттік органдардың ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне белгіленген жұмылдыру тапсырыстарын алып тастау және басқаға беру туралы ұсыныс енгізеді;

6) жұмылдыру дайындығы саласында халықаралық ынтымақтастықты дамытуға қатысады;

7) Қазақстан Республикасындағы жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру ережелерінде белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының жұмылдыру әзірлігіне баға беруді жүзеге асырады және бұл туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне жыл сайын баяндап отырады;

8) Қазақстан Республикасының жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы нормативтік құқықтық актілерін әзірлейді;

8-1) әскери-экономикалық және командалық-штабтық оқулар өткізеді;

8-2) жұмылдыру органдары туралы үлгілік ережені бекітеді;

8-3) жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында Қазақстан Республикасының аумағындағы әскери-көліктік міндеттілік қағидаларын бекітеді;

8-4) экономика салаларынан Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, арнаулы мемлекеттік органдардың жұмылдыру қажеттіліктерін айқындау қағидаларын бекітеді;

9) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың әскери міндеттілерді бекітіп қою жөніндегі жұмысын үйлестіреді;

9-1) қару-жарақ пен әскери техника бұйымдарына, аса маңызды азаматтық өнімдерге арналған техникалық құжаттаманың, сондай-ақ қатері жоғары объектілерге, халықтың тіршілігін қамтамасыз ету жүйелеріне және ұлттық игілік болып табылатын объектілерге арналған жобалық құжаттаманың сақтандыру қорын жасау және сақтау саласындағы қызметті үйлестіреді;

10) осы Заңда, өзге де заңдарда, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**Ескерту. 7-1-баппен толықтырылды - ҚР 2006.07.07 N 183, жаңа редакцияда - ҚР 2010.07.15 N 334-IV, өзгерістер енгізілді - 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 қолданысқа енгізіледі); 13.01.2014 N 159-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2015 № 367-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2018 № 210-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.05.2020 № 332-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**8-бап. Орталық атқарушы органдардың және Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы құзыреті**

**Ескерту. 8-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 2010.07.15 N 334-IV Заңымен.**

Орталық атқарушы органдар және Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде:

1) тиісті мемлекеттік басқару саласында жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру үшін жауап береді, сондай-ақ жұмылдыру органдарының қызметкерлеріне олардың өздеріне жүктелген міндеттерді орындауы үшін қажетті жағдайлар жасайды;

2) жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органға жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру көлемдері жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) мемлекеттік басқарудың тиісті саласында ұйымдардың жұмылдыру дайындығын жоспарлайды, ұйымдастырады және оған басшылық етеді, Қазақстан

Республикасындағы жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру қағидаларында белгіленген тәртіппен жұмылдыру тапсырыстары бар ұйымдардың жұмылдыру әзірлігін бағалауды жүргізеді;

3-1) ұйымдармен жұмылдыру тапсырыстарын орындауға арналған шарттар жасасады, жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органға жұмылдыру тапсырыстары бар ұйымдар банкрот болған, қайта ұйымдастырылған, таратылған, олардың жұмыс бейіні өзгертілген кезде белгіленген жұмылдыру тапсырыстарын алып тастау және басқаға беру туралы ұсыныстар енгізеді;

4) Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып жұмылдыру жоспарларын орындауға дайындық жөніндегі шараларды жүргізеді;

4-1) жұмылдыру тапсырыстарын белгілеу үшін ұйымдардың өндірістік, қаржылық, қоймалық мүмкіндіктері туралы ақпаратты жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органға береді;

4-2) әскери міндеттілерді бекітіп қою бойынша жұмысты ұйымдастырады және жүргізеді;

5) жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласында Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

6) жұмылдыру жарияланған кезде Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып, ұйымдарды соғыс жағдайы режиміне көшіру жөніндегі шаралар кешенін жүргізуді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

6-1) мемлекеттік басқарудың тиісті саласында жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және (немесе) бекітеді;

6-2) жұмылдыру жоспарларын әзірлейді, жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органмен келіседі және бекітеді;

7) жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органға жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыруды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

8) әскери-экономикалық және командалық-штабтық оқулар өткізуге қатысады;

8-1) жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, арнаулы мемлекеттік органдардың мүдделеріне сай міндеттерді орындау үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы экономикасының іркіліссіз жұмыс істеуін және халқының тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік басқарудың тиісті саласында арнайы құралымдарды ұйымдастырады және олардың қызметін қамтамасыз етеді;

9) осы Заңда, өзге де заңдарда, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 8-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2006.07.07 N 183, 2010.07.15 N 334-IV, 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 қолданысқа енгізіледі); 28.10.2015 № 367-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.05.2020 № 332-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **8-1-бап. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы құзыреті**

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі:

1) жұмылдыруға, соғыс жағдайы мен соғыс уақытына Қарулы Күштердің дайындығын жүзеге асырады, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, аумақтық әскерлердің, әскери оқытылған резервтің дайындығын үйлестіреді;

2) алып тасталды – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

3) алып тасталды – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

4) осы Заңда, өзге де заңдарда, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 2-тарау 8-1-баппен толықтырылды – ҚР 25.05.2020 № 332-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **9-бап. Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдіктерінің және қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімдерінің жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы құзыреті**

Ескерту. 9-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2018 № 210-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдіктері өз құзыреті шегінде:

1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді;

2) жергілікті әскери басқару органдарына олардың бейбіт уақыттағы және жұмылдыру жарияланған кездегі жұмысына жәрдем көрсетеді, тиісті

әкімшілік-аумақтық бірліктер аумағында әскери-экономикалық және командалық-штабтық оқулар өткізуге қатысады;

3) әскери міндеттілерді бекітіп қою жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және жүргізеді;

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде мемлекеттік органдар мен ұйымдарды жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында жұмыс істеуге көшіру жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыруды қамтамасыз етеді;

5) жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде шақырылуға жататын азаматтарды уақтылы құлақтандыруды және жеткізуді, жиналу пункттеріне немесе әскери бөлімдерге және арнаулы мемлекеттік органдарға техника беруді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша өздерінің басқаруындағы облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) коммуналдық меншігін қорғаныс мұқтаждарына береді;

5-1) жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, арнаулы мемлекеттік органдардың мүдделеріне сай міндеттерді орындау үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы экономикасының іркіліссіз жұмыс істеуін және халқының тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде арнаулы құралымдарды құрады және олардың қызметін қамтамасыз етеді;

6) әкімшілік-аумақтық бірліктердің жұмылдыру жоспарларын әзірлейді, жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органмен келіседі және бекітеді, сондай-ақ тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің шегінде жұмылдыру дайындығы бойынша іс-шараларды өткізеді;

7) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің жұмылдыру дайындығы мақсатында ұйымдармен жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында тауарларды өндіруге, жұмыстарды орындау мен қызметтерді көрсетуге шарттар (келісімшарттар) жасасады;

7-1) жұмылдыру тапсырыстарын белгілеу үшін ұйымдардың өндірістік, қаржылық, қоймалық мүмкіндіктері туралы ақпаратты жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органға береді;

8) жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органға жұмылдыру дайындығын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

9) мемлекеттік органдармен бірлесе отырып жұмылдыру жоспарларын орындауға экономиканы дайындау жөніндегі іс-шараларды жүргізеді;

10) аудандар, облыстық маңызы бар қалалар әкімдіктерінің жұмылдыру жоспарларын келіседі;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру көлемін көздейді;

11-1) жұмылдыру жарияланған кездегі іс-қимылдар тәртібі туралы халық арасында түсіндіру жұмысын жүргізеді;

12) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесіне сай Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімдіктері өз құзыреті шегінде:

1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді;

2) жергілікті әскери басқару органдарына олардың бейбіт уақыттағы және жұмылдыру жарияланған кездегі жұмысына жәрдем көрсетеді, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер аумағында әскери-экономикалық және командалық-штабтық оқулар өткізуге қатысады;

3) әскери міндеттілерді бекітіп қою жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және жүргізеді;

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде мемлекеттік органдар мен ұйымдарды жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында жұмыс істеуге көшіру жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыруды қамтамасыз етеді;

5) жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде шақырылуға жататын азаматтарды уақтылы құлақтандыруды және жеткізуді, жиналу пункттеріне немесе әскери бөлімдерге және арнаулы мемлекеттік органдарға техника беруді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша өздерінің басқаруындағы ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігін қорғаныс мұқтаждарына береді;

6) әкімшілік-аумақтық бірліктердің жұмылдыру жоспарларын әзірлейді, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдіктерімен келіседі және бекітеді, сондай-ақ тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде жұмылдыру дайындығы бойынша іс-шараларды өткізеді;

7) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің жұмылдыру дайындығы мақсатында ұйымдармен жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында тауарларды өндіруге, жұмыстарды орындау мен қызметтерді көрсетуге шарттар (келісімшарттар) жасасады;

7-1) жұмылдыру тапсырыстарын белгілеу үшін ұйымдардың өндірістік, қаржылық, қоймалық мүмкіндіктері туралы ақпаратты жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органға береді;

8) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдіктеріне жұмылдыру дайындығын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

9) мемлекеттік органдармен бірлесе отырып жұмылдыру жоспарларын орындауға экономиканы дайындау жөніндегі іс-шараларды жүргізеді;

9-1) жұмылдыру жарияланған кездегі іс-қимылдар тәртібі туралы халық арасында түсіндіру жұмысын жүргізеді;

10) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесіне сай Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімдері өз құзыреті шегінде:

1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді;

2) жергілікті әскери басқару органдарына олардың бейбіт уақыттағы және жұмылдыру жарияланған кездегі жұмыстарына жәрдем көрсетеді, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер аумағында әскери-экономикалық және командалық-штабтық оқулар өткізуге қатысады;

3) әскери міндеттілерді бекітіп қою жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және жүргізеді;

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде мемлекеттік органдар мен ұйымдарды жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында жұмыс істеуге көшіру жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыруды қамтамасыз етеді;

5) жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде шақырылуға жататын азаматтарды уақтылы құлақтандыруды және жеткізуді, жиналу пункттеріне немесе әскери бөлімдерге және арнаулы мемлекеттік органдарға техника беруді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

5-1) жұмылдыру жарияланған кездегі іс-қимылдар тәртібі туралы халық арасында түсіндіру жұмысын жүргізеді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 9-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.07.15 N 334-IV; өзгерістер енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2015 № 367-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2018 № 210-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.05.2020 № 332-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**3 тарау. Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы ұйымдар басшыларының міндеттері, Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен міндеттері**

**10-бап. Ұйымдар басшыларының міндеттері**

## 1. Ұйымдардың басшылары:

1) жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңі мен соғыс уақытына арналған жұмылдыру дайындығының жай-күйі, жұмылдыру дайындығы мүдделерінде жасалған шарттар (келісім-шарттар) мен тапсырыстардың орындалуы үшін жеке жауап береді, сондай-ақ жұмылдыру органдарының қызметкерлеріне өздеріне жүктелген міндеттерді орындауы үшін қажетті жағдайлар жасайды;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген жұмылдыру қуаттары мен жұмылдыру резервтерінің сақталуын және оларға ешкімнің тимеуін ақылы негізде қамтамасыз етеді;

2-1) жұмылдыру тапсырысын белгілеу үшін өндірістік, қаржылық және қоймалық мүмкіндіктері жөніндегі ақпаратты мемлекеттік органдарға береді;

3) өндірісті жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңі мен соғыс уақытына арналған тапсырыстарды орындау жөніндегі шарт міндеттемелерін орындау мақсатына дайындауды жүзеге асырады;

4) жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру мүдделерінде шарттарға (келісім-шарттарға) сәйкес тауарлар шығаруға, жұмыстар орындауға және қызметтер көрсетуге арналған тапсырыстарды орындайды;

4-1) әскери-экономикалық және командалық-штабтық оқуларды өткізуге қатысады;

5) жұмылдыру жарияланған кезде жұмылдыру жоспарларына сәйкес өндірісті соғыс жағдайы режиміне көшіру жөнінде шаралар жүргізеді;

6) жергілікті әскери басқару органдарының жұмысына жәрдем көрсетеді, өздерімен еңбек қатынастарында тұрған және шақырылуға тиісті азаматтардың есебін алуды ұйымдастырады, оларға мерзімінде хабар беруді және жиналу орындарына немесе әскер бөлімдеріне азаматтарды жеткізуді, техника беруді қамтамасыз етеді, жұмылдыру , соғыс жағдайы кезеңі мен соғыс уақытында олардың құнын кейіннен Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен өтеу арқылы жер учаскелерін, үйлерді, ғимараттарды, коммуникацияларды, көлікті және басқа да материалдық құралдарды қорғаныс мұқтаждарына береді;

7) әскери міндеттілерді бекітіп қою жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және жүргізеді;

8) жұмылдыру дайындығы жөніндегі міндеттерді орындау үшін арнаулы құрамалардың қызметін ұйымдастырады және қамтамасыз етеді. Оларды ұстау жөніндегі шығындар тиісті органдар мен ұйымдар арқылы мемлекеттік бюджеттен толықтырылады;

9) жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органға, орталық және жергілікті атқарушы органдарға, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарға мемлекеттің қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету үшін қажетті ақпарат беруге міндетті;



10) ұйымдардың жұмылдыру жоспарларын тиісті мемлекеттік органдармен, тапсырыс беруші ұйымдармен келіседі және оларды бекітеді.

2. Ұйымдардан жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңі мен соғыс уақытында арналған мемлекеттік қорғаныс мүдделері көзделген мемлекеттік тапсырмаларды орындаудан бас тартуға құқығы жоқ.

**Ескерту. 10-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.07.07 N 183, 2010.07.15 N 334-IV; 28.10.2015 № 367-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **11-бап. Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен міндеттері**

1. Жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңі мен соғыс уақытында шақырылған азаматтар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы әскери қызметшісінің құқықтарын пайдаланады.

2. Қазақстан Республикасының азаматтары мемлекеттің жұмылдыру дайындығын қамтамасыз ету мақсатында:

1) тұрғылықты жері бойынша әскери есепте тұруға;

1-1) заңнамада белгіленген тәртіппен әскери билет немесе әскерге шақыру учаскесіне тіркеу туралы куәлік алуға;

2) өзінің әскери қызметке қатыстылығын анықтау үшін шақыру бойынша жергілікті әскери басқару органдарына келуге;

3) жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында қорғаныс мұқтаждарына жер учаскелерін, үйлерді, ғимараттарды, көлік құралдарын және өздерінің меншігіндегі басқа да мүлікті олардың құнын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен кейін мемлекет тең мөлшерде өтейтіндей етіп беруге міндетті.

3. Жергілікті әскери басқару органдарының жұмылдыру ұйғарымдамасын немесе шақыру қағазын алған Қазақстан Республикасының азаматтары оларда айтылған талаптарды орындауға міндетті.

4. Қазақстан Республикасының азаматтары соғыс жағдайы бойынша және соғыс уақытында мемлекеттің қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатындағы жұмыстарды орындауға тартылады, сондай-ақ белгіленген тәртіппен арнаулы құрамаларға қосылады.

5. Әскери есепте тұрған азаматтарға жұмылдыру жарияланған кезден бастап тұрғылықты жерінен жергілікті әскери басқару органы басшысының рұқсатынсыз кетіп қалуға тыйым салынады.

**Ескерту. 11-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.07.07 N 183, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді - 2007.05.22 N 255 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 10.06.2020 № 344-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **4 тарау. Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыруды ұйымдастыру, оны қаржыландыру тәртібі**

##### **12-бап. Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыруды ұйымдастыру және оның тәртібі**

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын, экономикасы мен аумағын жұмылдыру дайындығын ұйымдастыру мен оның тәртібі осы Заңмен және басқа да нормативтік құқықтық актілермен белгіленеді.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскер құралымдарының, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдарының жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыруды ұйымдастыру және оның тәртібі осы Заңмен және басқа да нормативтік құқықтық актілермен белгіленеді.

**Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.07.15 N 334-IV, 2012.02.13 N 553-IV ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

##### **13-бап. Жұмылдыру органдары**

1. Жұмылдыру тапсырмалары немесе жұмылдыру тапсырыстары бар мемлекеттік органдар мен ұйымдардағы жұмылдыру дайындығы жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру, үйлестіру және олардың жүргізілуін бақылау мемлекеттік органдар мен ұйымдардың бірінші басшысына тікелей бағынатын жұмылдыру органдарына ( бөлімшелеріне) жүктеледі. Жұмылдыру органдарының (бөлімшелерінің) құрылымы, штат саны, өкілеттігі осы тапсырмалардың немесе тапсырыстардың сипаты мен көлемі негізге алына отырып айқындалады.

1-1. Жұмылдыру тапсырмалары немесе жұмылдыру тапсырыстары бар мемлекеттік органдар мен ұйымдардың бірінші басшылары жұмылдыру органдарына ( бөлімшелеріне) жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру бойынша өздеріне жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті жағдайлар жасайды.

2. Алынып тасталды - ҚР 2010.07.15 N 334-IV Заңымен.

**Ескерту. 13-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.12.20. N 13 (01.01.2005 бастап күшіне енеді), 2006.07.07. N 183, 2010.07.15 N 334-IV; 25.05.2020 № 332-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

##### **14-бап. Әскери-көліктік міндет**

1. Жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды, арнаулы мемлекеттік органдарды көлік құралдарымен қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының аумағында әскери-көліктік міндет белгіленеді.

2. Әскери-көліктік міндет Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына, көлік құралдары бар ұйымдар мен азаматтарға, сондай-ақ көлік құралдарының жұмысын қамтамасыз ететін өзге де ұйымдарға қолданылады.

3. Алынып тасталды - ҚР 2010.07.15 N 334-IV Заңымен.

Ескерту. 14-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.07.07. N 183, 2010.07.15 N 334-IV; 28.10.2015 № 367-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **15-бап. Жұмылдыру дайындығын, жұмылдыру органдары мен жұмылдыруды қаржыландыру**

1. Жұмылдыру дайындығын, жұмылдыру органдары мен жұмылдыруды қаржыландыру бюджет қаражаты мен ұйымдардың қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

2. алып тасталды

3. алып тасталды

4. Ұйымдардың өз бастамасы бойынша олардың тұрақты жұмыс істеуі мен жұмылдыру дайындығын арттыру мақсатында жүргізілетін жұмылдыру дайындығы жөніндегі жұмыстар ұйымдардың қаражаты есебінен қаржыландырылуға тиіс.

Ескерту. 15-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

### **16-бап. Жұмылдыру резерві**

Жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтары Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдардың қажеттіліктерін қамтамасыз ету, экономиканың жұмылдыру мұқтаждарын қанағаттандыру үшін тек жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында ғана пайдаланылады.

Жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтары Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған жағдайда және тәртіппен табиғи, техногендік және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды қолдану, гуманитарлық көмек көрсету үшін бейбіт уақытта пайдаланылуы мүмкін.

Ескерту. 16-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.07.07. N 183 Заңымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.07.15 N 334-IV, 2012.02.13 N 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен; 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.03.2019 № 237-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**5 тарау. Қазақстан Республикасының азаматтарын жұмылдыру кезеңі мен соғыс уақытына арнап бекітіп қою және шақыру**

## **17-бап. Әскери міндеттілерді мемлекеттік органдар мен ұйымдарға бекітіп қоюдың құқықтық негізі**

1. Әскери міндеттілерді мемлекеттік органдар мен ұйымдарға бекітіп қою мемлекеттік органдар мен ұйымдардың іркіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

2. Әскери міндеттілерді мемлекеттік органдар мен ұйымдарға бекітіп қою Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

**Ескерту. 17-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.07.15 N 334-IV Заңымен.**

## **18-бап. Әскери міндеттілерді бекітіп қоюдың ұйымдастырылуы мен тәртібі**

1. Әскери міндеттілерді бекітіп қоюдың ұйымдастырылуы мен тәртібі осы Заңда және өзге де нормативтік құқықтық актілерде айқындалады.

2. Қазақстан Республикасының аумағында әскери міндеттілерді бекітіп қою жөніндегі жұмысқа басшылықты Әскери міндеттілерді бекітіп қою жөніндегі республикалық комиссия жүзеге асырады.

3. Бекітіп қоюға жататын лауазымдар мен мамандықтардың тізбесін Әскери міндеттілерді бекітіп қою жөніндегі республикалық комиссия бекітеді.

4. Мемлекеттік органдарға, ұйымдарға бекітіп қойылған әскери міндеттілер өздеріне берілген кейінге қалдыру мерзімінің қолданыстағы уақытында жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңіндегі және соғыс уақытындағы шақырудан босатылады.

**Ескерту. 18-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.07.15 N 334-IV Заңымен.**

## **19-бап. Жұмылдыру бойынша және соғыс уақытында азаматтарды әскери қызметке шақыру**

Жұмылдыру бойынша, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында азаматтарды әскери қызметке шақыру Қазақстан Республикасы Президентінің ішінара немесе жаппай жұмылдыруды жариялау туралы жарлығына сәйкес жүргізіледі.

**Ескерту. 19-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 183 Заңымен.**

## **5-1-тарау. Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы мемлекеттік бақылау**

**Ескерту. Заң 5-1-тараумен толықтырылды – ҚР 25.05.2020 № 332-VI Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **19-1-бап. Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы мемлекеттік бақылау**

1. Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы мемлекеттік бақылау ( бұдан әрі – мемлекеттік бақылау) Қазақстан Республикасының жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы заңнамасының бұзылуына жол бермеу мақсатында жүзеге асырылады.

2. Мыналар:

1) Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, жұмылдыру тапсырмалары бар Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары;

2) жұмылдыру тапсырыстары бар ұйымдар мемлекеттік бақылау субъектілері (бұдан әрі – бақылау субъектілері) болып табылады.

### **19-2-бап. Мемлекеттік бақылауды жүргізу тәртібі**

1. Мемлекеттік бақылауды жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті орган мерзімдік және жоспардан тыс тексерулер нысанында жүргізеді.

2. Мерзімдік тексеру жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті орган бекіткен тексерулер жүргізу графигіне сәйкес үш жылда бір реттен жиілетпей жүргізіледі.

Жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті орган тексерулер жүргізу графигін әзірлейді және тексеру жылының алдындағы жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей бекітеді.

Тексерулер жүргізу графигі мыналарды қамтиды:

- 1) тексерулер жүргізу графигінің тіркеу нөмірі мен бекіту күні;
- 2) жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органның атауы;
- 3) бақылау субъектілерінің (объектілерінің) атауы, олардың орналасқан жері;
- 4) тексеру нысанасы;
- 5) тексерулер жүргізу мерзімдері;
- 6) тексерулер жүргізу графигіне қол қоюға уәкілеттік берілген адамның қолтаңбасы және жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органның мөрі.

Тексерулер жүргізу графигі мерзімдік тексеру жүргізу туралы хабарлама болып табылады.

Тексерулер жүргізу графигін жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен бақылау субъектілеріне тиісті жылдың 1 ақпанына дейін жібереді.

Тексерулер жүргізу графигіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу бақылау субъектісі банкрот болған, таратылған, қайта ұйымдастырылған және оның жұмыс бейіні өзгерген жағдайларда жүзеге асырылады.

Бақылау субъектілері тексерулер жүргізу графигіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілетіні туралы мерзімдік тексеру жүргізілетін күнге дейін кемінде он жұмыс күні бұрын хабардар етілуге тиіс.

3. Жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті орган:

1) бақылау субъектілерінің жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру жөніндегі іс-шараларды орындау бойынша міндеттерді орындамағанын және (немесе) тиісінше орындамағанын куәландыратын нақты фактілер мен мән-жайлар туралы ақпарат (әскери-экономикалық оқулардың нәтижелері, жұмылдыру әзірлігін бағалау) болған кезде;

2) анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың орындалуын бақылау мақсатында тағайындайтын тексеру жоспардан тыс тексеру болып табылады.

4. Жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдарының тексеру жүргізу кезінде:

1) осы баптың 8-тармағында көрсетілген құжаттарды көрсеткен кезде тексеру нысанасына сәйкес бақылау субъектісінің (объектісінің) аумағына және үй-жайларына кедергісіз кіруге;

2) тексеру нысанасына сәйкес тексеру нәтижелері туралы акт пен анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаға қосып тіркеу үшін қағаз және электрондық жеткізгіштерде құжаттарды (мәліметтерді) не олардың көшірмелерін алуға, сондай-ақ жұмылдыру қуаттарына және жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарына, автоматтандырылған дерекқорға (ақпараттық жүйелерге) қол жеткізуге;

3) мемлекеттік органдардың, ведомстволық бағынысты және өзге де ұйымдардың мамандарын, консультанттары мен сарапшыларын тартуға құқығы бар.

5. Бақылау субъектілері не олардың уәкілетті өкілдері тексеру жүргізілген кезде:

1) жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органның тексеру жүргізу үшін келген лауазымды адамдарын:

осы Заңда белгіленген мерзімдерге сәйкес келмейтін, тексеруді тағайындау туралы актіде көрсетілген мерзімдер асып кеткен не өтіп кеткен;

осы баптың 8-тармағында көзделген құжаттар болмаған;

тексеру мерзімдері осы Заңда белгіленген мерзімнен асатын мерзімге ұзартылған жағдайларда тексеруге жібермеуге;

2) тексеру нәтижелері туралы актіге, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқылы.

6. Бақылау субъектілері не олардың уәкілетті өкілдері тексеру жүргізілген кезде:

1) жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдарының бақылау субъектісінің (объектісінің) аумағына және үй-жайларына кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар және заңмен қорғалатын өзге де құпиялар туралы заңнамасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тексеру нысанасына сәйкес жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдарына тексеру нәтижелері туралы акт пен анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаға қосып тіркеу үшін қағаз және электрондық жеткізгіштерде құжаттарды (мәліметтерді) не олардың көшірмелерін, сондай-ақ жұмылдыру қуаттарына және жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарына, автоматтандырылған дерекқорға (ақпараттық жүйелерге) қолжетімділікті ұсынуға;

3) тексеру аяқталған күні тексеру нәтижелері туралы акт пен анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың екінші данасына алғаны туралы белгі жасауға;

4) тексеру жүргізу кезеңінде тексерілетін құжаттарға (мәліметтерге) өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол бермеуге;

5) осы объект үшін белгіленген нормативтерге сәйкес зиянды және қауіпті өндірістік әсер ету факторларынан тексеру жүргізу үшін келген адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті.

7. Тексеруді тағайындау туралы акт негізінде тексеру жүргізіледі.

Тексеруді тағайындау туралы акт екі данада жасалады.

Тексеруді тағайындау туралы актіде мыналар көрсетіледі:

1) тексерулерді тағайындау туралы актілерді есепке алу журналында тіркелген күні мен нөмірі;

2) жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органның атауы;

3) тексеру жүргізуге уәкілеттік берілген адамдардың тектері, аттары, әкесінің аттары (егер олар жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса) және лауазымдары;

4) мемлекеттік органдардың, ведомстволық бағынысты және өзге де ұйымдардың тексеру жүргізу үшін тартылатын мамандары, консультанттары мен сарапшылары туралы мәліметтер;

5) бақылау субъектісінің атауы, оның орналасқан жері, сәйкестендіру нөмірі, бақылау объектілерінің тізбесі.

Заңды тұлғаның филиалы және (немесе) өкілдігі тексерілген жағдайда, тексеруді тағайындау туралы актіде оның атауы мен орналасқан жері көрсетіледі;

6) тексеру нысанасы;

7) тексеру жүргізу мерзімі;

8) тексеру жүргізу негіздері;

9) актіге қол қоюға уәкілеттік берілген адамның қолтаңбасы және жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органның мөрі.

Тексеруді тағайындау туралы акт тексерулерді тағайындау туралы актілерді есепке алу журналында тіркеледі.

Тексерулерді тағайындау туралы актілерді есепке алу журналын жүргізу тәртібі мен нысанын жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

Тексеруді тағайындау туралы актіні жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен бақылау субъектілеріне:

мерзімдік тексеру бойынша – ол басталғанға дейін кемінде жеті жұмыс күні бұрын;

жоспардан тыс тексеру бойынша ол басталғанға дейін кемінде бір тәулік бұрын жібереді.

8. Жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдары тексеру кезінде бақылау субъектісіне:

1) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтермен жұмыс істеуге рұқсаттың бар екені туралы анықтаманы;

2) сәйкестендіру картасын көрсетуге міндетті.

9. Тексеру жүргізу мерзімі тексеру нысанасы, сондай-ақ алдағы жұмыстардың көлемі ескеріле отырып белгіленеді және жеті жұмыс күнінен аспауға тиіс.

Тексеру жүргізу мерзімі он бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімге бір рет қана ұзартылуы мүмкін. Ұзарту жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті орган басшысының шешімімен жүзеге асырылады.

Тексеру жүргізу мерзімдерін ұзарту бақылау субъектісін хабардар ете отырып, тексеру мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актімен ресімделеді, онда тексеруді тағайындау туралы алдыңғы актінің тіркеу нөмірі мен күні және ұзарту себептері көрсетіледі.

Тексеру мерзімдерін ұзарту туралы қосымша акт тексерулерді тағайындау туралы актілерді есепке алу журналында тіркеледі.

Тексеру мерзімдерін ұзарту туралы хабарламаны жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен табыс ету туралы хабарламамен бірге ұзартылғанға дейін бір жұмыс күні бұрын бақылау субъектісіне табыс етеді.

10. Жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органның тексеруді жүзеге асыратын лауазымды адамы тексеру нәтижелері бойынша екі данада:

1) тексеру нәтижелері туралы акт;

2) бұзушылықтар анықталған жағдайларда, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама жасайды.

11. Тексеру нәтижелері туралы актіде мыналар көрсетіледі:

1) актінің жасалған күні, уақыты мен орны;

2) жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органның атауы;

3) тексеру жүргізуге негіз болған тексеруді тағайындау туралы актінің нөмірі мен күні;

4) тексеру жүргізген адамдардың тектері, аттары, әкесінің аттары (егер олар жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса) және лауазымдары;

5) мемлекеттік органдардың, ведомстволық бағынысты және өзге де ұйымдардың тексеру жүргізу үшін тартылатын мамандары, консультанттары мен сарапшылары туралы мәліметтер;

6) бақылау субъектісінің атауы, оның орналасқан жері, сәйкестендіру нөмірі, бақылау объектілерінің тізбесі;

7) тексеру жүргізілген кезең;



8) тексеру нәтижелері туралы, оның ішінде анықталған бұзушылықтар және олардың сипаты туралы мәліметтер;

9) бақылау субъектісінің, сондай-ақ тексеру жүргізу кезінде қатысқан адамдардың тексеру нәтижелері туралы актімен танысуы туралы немесе танысудан бас тартуы туралы мәліметтер, олардың қолтаңбалары немесе қол қоюдан бас тартуы туралы жазба;

10) тексеру жүргізген лауазымды адамдардың қолтаңбасы.

Тексеру нәтижелері туралы актіге тексеру нәтижелеріне байланысты құжаттар немесе олардың көшірмелері болған кезде, олар қоса беріледі.

12. Тексерулер жүргізген кезде Қазақстан Республикасының жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы заңнамасын бұзушылықтар анықталған жағдайда анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама жасалады, онда мыналар көрсетіледі:

1) анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың жасалған күні, уақыты мен орны;

2) тексеру жүргізген адамдардың тектері, аттары, әкесінің аттары (егер олар жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса) және лауазымдары;

3) бақылау субъектісінің атауы, оның орналасқан жері, сәйкестендіру нөмірі, бақылау объектілерінің тізбесі;

4) тексеру нәтижелері туралы актінің нөмірі мен күні;

5) анықталған бұзушылықтар және оларды жою туралы талап;

6) анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы орындау мерзімдері;

7) анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаға шағым жасау тәртібі.

Анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама бақылау субъектілерінің орындауы үшін міндетті болып табылады.

13. Анықталған бұзушылықтарды (олар болған кезде) жою туралы нұсқамамен, бақылау субъектісінде түпнұсқа түрінде болатын құжаттардың көшірмелерін қоспағанда, қосымшалардың көшірмелерімен бірге тексеру нәтижелері туралы актінің бір данасы танысу және анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қолдану үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен бақылау субъектісіне табыс етіледі.

Тексеру нәтижелері бойынша ескертулер және (немесе) қарсылықтар болған жағдайда, бақылау субъектісі оларды жазбаша түрде баяндайды. Ескертулер және (немесе) қарсылықтар тексеру нәтижелері туралы актіге қоса беріледі, бұл жөнінде тиісті белгі жасалады.

Жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті орган бақылау субъектісінің тексеру нәтижелері туралы акт пен анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаға ескертулерін және (немесе) қарсылықтарын қарауға және отыз жұмыс күні ішінде уәжді жауап беруге тиіс.

Тексеру нәтижелері туралы акт пен анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы қабылдаудан бас тартылған жағдайда хаттама жасалады, оған тексеруді жүзеге асыратын лауазымды адамдар және бақылау субъектісінің басшысы не оның уәкілетті өкілі қол қояды.

Бақылау субъектісі бас тарту себебі туралы жазбаша түсініктеме бере отырып, хаттамаға қол қоюдан бас тартуға құқылы.

14. Тексеруді тағайындау туралы актіде немесе тексеру мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актіде көрсетілген тексеруді аяқтау мерзімінен кешіктірілмей тексеру нәтижелері туралы акт бақылау субъектісіне табыс етілген күн тексеру мерзімінің аяқталуы деп есептеледі.

15. Анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы орындау мерзімдері оны орындаудың нақты мүмкіндігіне әсер ететін мән-жайлар ескеріле отырып, бірақ анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама табыс етілген күннен бастап кемінде күнтізбелік отыз күн деп айқындалады.

Нұсқамада көрсетілген анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы орындау мерзімдерін айқындау кезінде:

1) бақылау субъектісінің бұзушылықтарды жою бойынша ұйымдастырушылық, техникалық мүмкіндіктерінің бар-жоғы;

2) мемлекеттік органдарда міндетті қорытындыларды, келісулерді және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген басқа да құжаттарды алу мерзімдері;

3) Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес растайтын құжаттар болған кезде мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыруға бюджет қаражатының уақтылы, толық бөлінуі немесе түсімінің болмауы ескеріледі.

16. Анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамада белгіленген бұзушылықтарды жою мерзімі өткеннен кейін бақылау субъектісі нұсқамада белгіленген мерзім ішінде жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органға анықталған бұзушылықтардың жойылғаны туралы ақпарат беруге міндетті.

Ақпарат ұсынылмаған жағдайда, жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті орган осы баптың 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес жоспардан тыс тексеру тағайындауға құқылы.

17. Егер тексеру жүргізу нәтижесінде бақылау субъектісінің, осы баптың 15-тармағында көрсетілген мән-жайларды қоспағанда, тексеруді тағайындау туралы актіде көзделген іс-шараларды орындау жөніндегі міндеттерді орындамау және (немесе) тиісінше орындамау фактілері анықталатын болса, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құзыретке сәйкес жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамы бұзушылыққа жол берген бақылау субъектісін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа тарту жөнінде шаралар қолданады.

## 6 тарау. Қорытынды ережелер

### **20-бап. Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы халықаралық ынтымақтастық**

Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы халықаралық ынтымақтастыққа Қазақстан Республикасы мемлекеттердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты жасалған шарттар шеңберінде, жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру жөніндегі өзара мүдделі шараларға әзірлеп және іске асыра отырып, өзара тиімді әскери және экономикалық байланыстарды сақтай отырып қатысады.

**Ескерту. 20-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 183 Заңымен.**

### **21-бап. Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыруды ұйымдастыру және өткізу режимі**

Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы ақпаратты қорғау жөніндегі шараларды ұйымдастыру мен жұмысты жүргізу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

### **22-бап. Қазақстан Республикасының жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық**

Қазақстан Республикасының жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

**Ескерту. 22-бап жаңа редакцияда – ҚР 25.05.2020 № 332-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының  
Президенті